болуын бағалауға міндетті. Өз міндеттерін толық орындау үшін уақыт мүмкін болмаған және жеткіліксіз болған жағдайда лауазымды адам өз өкілеттігін өз еркімен тастауға тиіс.

14. «Қуаныш» бөбекжайы КМҚК мүдделер қақтығысын толығымен болдырмаудың мүмкін еместігін біледі. Сондықтан қызметкерлер мен лауазымды тұлғаларды кез келген ықтимал қате әрекеттерден қорғау үшін әрбір жанжалды уақтылы ашып, реттеуді талап етеді.

15. «Қуаныш» бөбекжайы КМҚКмынадай қағидаттар негізінде жұмыс істейтін мүдделер қақтығысын басқару жүйесін белгілейді:

•нақты немесе ықтимал мүдделер қақтығысын немесе тіпті мұндай қақтығыстың пайда болуын міндетті түрде ашу;

•әрбір мүдделер қтығысының «Қуаныш» бөбекжайы КМҚК үшін тәуекелдердің ауырлығын жеке қарау, бағалау және әрбір мүдделер қақтығысының жағдайын реттеу;

•мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу үдерісінің және реттеу үдерісінің (қызметкердің, лауазымды адамның өтініші бойынша) құпиялылығы;

•мүдделер қақтығысын реттеуде «Қуаныш» бөбекжайы КМҚК мен қызметкерінің, лауазымды тұлғасының мүдделерінің теңгерімінің сақталуы;

•қызметкердің уақтылы ашқан мүдделер қақтығысына байланысты оны қудалаудан қорғау.

III. Мүдделер қақтығысын ашу

16. Қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар қоғамға нақты немесе ықтимал мүдделер қақтығысының барлық жағдайларын дереу және толық ашуға (жариялауға) міндетті.

17. «Қуаныш» бөбекжайы КМҚК өз қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына мүдделер қақтығысының көрінісін тудыратын немесе тудыруы мүмкін жеке жағдайлар туралы ақпаратты ашуды ұсынады.

18. «Қуаныш» бөбекжайы КМҚК ықтимал және нақты мүдделер қақтығыстары туралы ақпаратты ашудың (декларациялаудың) мынадай жүйесін белгілейді:

•қызметкерді жұмысқа қабылдау кезінде мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты бастапқы ашу;

•тағайындау немесе қызметке кірісу кезінде мүдделер қақтығысы

•туралы ақпаратты ашу; мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты жаңа нақты немесе ықтимал мүдделер қақтығысын тудыратын немесе тудырған жағдайлар (мән-жайлар) туындаған кезде біржолғы ашу.